



Ембі ТЫНЫСЫ

АРНАУЛЫ НӨМІР

№9 (139)
ҚЫРКҮЙЕК
2025 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

САЛТАНАТТЫ ШАРА

Мерекенімен, МҰНАЙШЫ!

Ғасырлық белесті бағындырған «Ембімұнайгаз» АҚ жылдағы қалыптасқан дәстүрге сай, ҚР Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күнін жоғары деңгейде атап өтті. Әр басқармаға арнайы барған Компания басшылығы қызметтен қол үзбей, жыл он екі ай үздіксіз жұмыс тізбегінің тінін жалғап жүрген мамандық иелерін құттықтады.

Кәсіби мерекеде сала үздіктеріне арнайы марапаттар табысталды. Өндіріс майталмандарына арналған салтанатты жиындар өнер мен ықыласқа толы, есте қаларлық мереке болды.

(Газетіміздің арнайы шығарылымы кәсіби мерекеге арналады)



СЕРІКТЕСТІК



ОҚУ-ӨНДІРІСТІК ПОЛИГОНЫ АШЫЛДЫ

Атырау қаласында «Ембімұнайгаз» АҚ қолдауымен С.Өтебаев атындағы мұнай-газ университеті жанынан болашақ мұнайшыларды дайындайтын оқу-өндірістік полигоны өз жұмысын бастады.

Ашылу салтанатына Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов, ҚР Энергетика вице-министрі Құдайберген Арымбек, ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова, университет ректоры Гүлзада Шауликова, сондай-ақ мұнай-газ саласының ардагерлері қатысты.

Жалпы жер аумағы 4 гектарды алып жатқан полигон «Ембімұнайгаз» АҚ («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес компаниясы) қаржылық қолдауымен салынды. Оқу полигоны – бұл жер қойнауын барлаудан бастап, көмірсутек өндеуге дейінгі өндірістік процестердің толық циклі бар мұнай-газ өндіру мекемесінің шағын моделі.

2



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

МҰНАЙШЫЛАР – МАРАПАТ ТӨРІНДЕ

ҚР Мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне орай 5 қыркүйек күні Ақордада өткен салтанатты жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің мұнай-газ саласын дамытуға елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Солардың бірі – «Ембімұнайгаз» АҚ «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының газ дайындау және күкірт алу цехының күкірт дайындайтын қондырғысына қызмет көрсететін бригадасының технологиялық қондырғылар операторы **Сәкен Сейтқали**. Әріптесіміз «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Сонымен қатар, Астана төрінде тағы бір әріптесіміз марапатталды. Мұнай-газ саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан сала мамандары мен ардагерлеріне мемлекеттік наградалар табыс етті.

«Ембімұнайгаз» АҚ мұнай және газ өндіру департаментінің жетекші инженер механигі **Арман Бекмағамбетов** «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

ҚР МҰНАЙ-ГАЗ КЕШЕНІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІНЕ ОРАЙ ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ МАРАПАТТАРҒА ИЕ БОЛҒАН «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ:

ҚР Премьер-Министрінің Алғыс хаты:

Ихрэн Хамметов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №3 мұнай және газ өндіру цехының электр-газбен дәнекерлеушісі.

ҚР Энергетика министрінің «Еңбек ардагері» медалі:

Саламат Махамбетов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ Доссордағы мұнайды дайындау және айдау цехының Қарсақ-Ботақан бригадасының мұнайды дайындау және айдау шебері;

Гапужан Мұхамбетжанов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ механика бөлімінің жетекші механигі.

ҚР Энергетика министрінің «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалі:

Мақсат Сүндетқалиев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №1 мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру операторы;

Мәжит Аманқұлов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ №2 Терең-Өзек мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру және конденсаттау жөніндегі шебері;

Әділхан Сапаров, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының №2 С.Нұржанов атындағы кен орны бригадасының мұнай және газ өндіру операторы;

Қазбек Кошаев, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру операторы;

Батихолла Насиханов, «Ембімұнайэнерго» басқармасының Жайық АЭТ сынау және реттеу жөніндегі инженері.

ҚР Энергетика министрінің «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісі:

Самат Күмісбаев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ №1 Ботақан мұнай және газ өндіру цехының мұнай өндіру бригадасының мұнай және газ өндіру операторы.

ҚР Энергетика министрінің Құрмет грамотасы:

Амангелді Қоштаев, ӨТКЖЖКБ қойма шаруашылығының жүк қармалаушысы.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ Алғыс хаты:

Анар Жамелова, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы мұнайды дайындап-айдау цехының 5 разрядты мұнай және газ өндірудегі пультпен басқару операторы.

KAZENERGY қауымастығының медалі:

Асланбек Аманқұлов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай мұнай және газ өндіру цехының механигі.

KAZENERGY қауымастығының Құрмет грамотасы:

Әлібек Габдулғазиев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ №3 Шығыс Мақат мұнай және газ өндіру цехының №1 бригадасы Шығыс Мақат кен орнының жерасты қабат қысымын сақтау шебері.

KAZENERGY қауымастығының Алғыс хаты:

Айжан Жұбаналиева, «Ембімұнайэнерго» басқармасының Электр жабдықтарын жөндеу бөлімшесінің электр машиналарының элементтеріне сым ораушысы.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ «Үздік мұнайшы» төсбелгісі:

Құраш Махулов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №2 мұнай және газ өндіру цехының мұнай өндіру бригадасының мұнай және газ өндіру операторы;

Мейрамбай Әбішев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының №3 Батыс Прорва кен орны бригадасының мұнай және газ өндіру операторы;

Қаныбек Мусағали, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Б.Жоламанов мұнай және газ өндіру учаскесінің мұнай және газ өндіру операторы;

Руслан Қордашев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ №1 Ботақан мұнай және газ өндіру цехының өндірістік құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау бригадасының электр-газбен дәнекерлеушісі.

Нұрсұлтан Амилов, «Ембімұнайгаз» құқықтық қамтамасыз ету департаменті наразылық-талап жұмыстары бөлімінің жетекші заңгері;

Саламат Мұқашев, «Ембімұнайгаз» АҚ Күрделі құрылыс департаменті күрделі құрылыс бөлімінің бастығы;

Сансызбай Қаржаубаев, «Ембімұнайгаз» АҚ Күрделі құрылыс департаменті күрделі құрылыс бөлімінің инженері;

Тимур Тлеғенов, «Ембімұнайгаз» АҚ Өндірісті автоматтандыру және ақпараттық технологиялар департаменті ақпараттық технологиялар бөлімінің бастығы;

Руслан Кенжеғалиев, «Ембімұнайгаз» АҚ Корпоративтік қауіпсіздік қызметінің жетекшісі.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ «Еңбек сіңірген мұнайшы» төсбелгісі

Жанбек Сағындықов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Бас технологы;

Қаржаубай Мақашев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Құлсарыдағы мұнайды дайындап айдау цехының Қаратон мұнай дайындап айдау участогының тауар операторы;

Айгүл Бақтығалиева, «Ембімұнайгаз» АҚ Мұнай және газ өндіру департаменті мұнай және газ өндіру бөлімінің мұнай және газ өндіру жөніндегі жетекші инженері;

Сағида Жұмағалиева, «Ембімұнайгаз» АҚ Геология және барлау департаменті геологиялық барлау жұмыстары бөлімінің бастығы.

«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Құрмет грамотасы:

Қайырбек Абдрахманов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ арнаулы техника және автокөлік колоннасының Ботақан автоколоннасының ППУ машинисі;

Салаут Байниязов, Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармасының қойма шаруашылығының жүк қармалаушысы;

Жанболат Балмурзин, «Ембімұнайэнерго» басқармасының Жайық аудандық электр торабының электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету электр монтері. **ET**

СЕРІКТЕСТІК



ОҚУ-ӨНДІРІСТІК ПОЛИГОНЫ АШЫЛДЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте

– Еліміздің мұнай-газ секторына қажетті білікті мамандарды даярлау – ҚазМұнайГаздың алдында тұрған өзекті мәселе. Полигонда жаттығу элементтері өндірістік жағдайларға барынша ұқсас етіп салынған, студенттердің нақты операциялық міндеттерді шешуге және мұнай-газ технологияларын игеруге мүмкіндігі бар. Бұл жерде электр-газбен дәнекерлеуші, токарь, оператор, машинист және басқа да мамандар тәжірибеден өтеді. Бастама Қазақстан Президенті жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылында» аса маңызды, – деді **Асхат Хасенов**.

Полигон заманауи зертханамен жабдықталған. Жерасты жөндеу жұмыстарын жүргізуді үйрету үшін екі ұңғыма бұрғыланып, болашақ мамандар практикалық тапсырмаларды орындауы үшін 15 оқу алаңы салынды.

– Оқу-өндірістік полигоны бізге үлкен мүмкіндіктер береді. Студенттердің даму-

ына, өсуіне, жаңа бағыттарды ашуға және тәжірибе жинақтауға көмектеседі, – дейді **студент Асхат Абужайт**.

С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай-газ университеті – осындай заманауи технологиялық базасы бар Қазақстандағы алғашқы жоғары оқу орны. Университет басшылығы жаңа полигонның өңірлік ғылымның дамуына және білім мен экономиканың нақты секторы арасындағы байланысты нығайтуға серпін беретініне сенімді.

– Бұл – мұнай компаниясының индустриалды ғылымының дамуына қосқан үлкен, баға жетпес үлесі. Аталған платформа өнеркәсіп, білім, ғылым және бизнес арасындағы ынтымақтастық орнына айналады. Біздің студенттер халықаралық сертификаттар алады, басқа елдерден серіктестер шақырамыз, олар арқылы еліміздің энергетика саласына қажетті жобаларды жүзеге асырамыз, – деп атап өтті **С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің ректоры Гүлзада Шакуликова**. **ET**



ВИЗИТ

СОТРУДНИЧЕСТВО НА ПУТИ К БЕЗОПАСНОСТИ



В АО «Эмбаунайгаз» состоялось масштабное международное мероприятие с участием делегаций из Государственной нефтяной компании Азербайджанской Республики SOCAR, ПАО «Татнефть» (Россия) и АО НК «КазМунайГаз». Встреча прошла в рамках Меморандума о сотрудничестве в сфере цифровых технологий и промышленной безопасности, заключенного между нефтегазовыми компаниями.



Знакомство с Эмбаунайгазом началось со встречи с генеральным директором компании Ринатом Измуханбетом. В своей приветственной речи он отметил, что «Эмбаунайгаз» одним из первых начал разведку и добычу углеводородного сырья на территории Атырауской области и на протяжении вот уже более 100 лет продолжает эту работу. И несмотря на статус «ветерана» отрасли, Компания не только сохраняет стабильные темпы добычи, но и постоянно повышает планку требований к себе.

– В центре внимания нашей деятельности – высокие стандарты в области безопасности и охраны труда, промышленной безопасности и защиты окружающей среды. Эти направления являются безусловными при-

Хафиз АЛИЕВ, ведущий инженер ПБ SOCAR:
 «Прежде всего хочу выразить искреннюю благодарность КМГ и ЭМГ за приглашение принять участие в этой встрече. Нужно сказать, что все было организовано на высочайшем уровне. Чувствовалась атмосфера дружбы и партнерства. Отдельно хотел бы остановиться на учебно-тренировочном занятии по ликвидации техногенной аварии. Оно проведено на очень высоком уровне. Вчера нам показали, как оформляется электронный наряд-допуск, как управляется поездка транспорта и «Интеллектуальное месторождение». Все эти цифровые проекты наглядно демонстрируют успешные шаги развития ЭМГ. Есть моменты, которые мы готовы перенять, и в целом, получился хороший обмен опытом».



оритетами для АО «Эмбаунайгаз». На системной основе мы совершенствуем корпоративную культуру, внутренние нормы и требования, ориентируясь на лучшие международные практики и стандарты. Много лет мы последовательно внедряли в компании «вертикаль безопасности» с едиными требованиями для всех работников – от первого руководителя до линейного персонала и работников подрядных организаций. Вовлеченность каждого работника позволила нам добиться нулевых показателей смертности и травматизма во всех подразделениях Эмбаунайгаза. Теперь аналогичную задачу мы ставим перед нашими бизнес-партнерами. Уверен, что сегодняшний обмен опытом позволит нам выработать новые подходы к решению актуальных вопросов в области охраны труда и безопасности производства, – отметил Р. Измуханбет.

Посетив Центр управления производством, гости увидели, как осуществляется оперативный контроль и мониторинг технологических процессов в онлайн формате. А в интерак-

Денис КСЕНОФОНТОВ, начальник управления ПБиОТ ПАО «Татнефть»:
 «Мы здесь встретились в рамках сотрудничества между нашими компаниями. Два дня мы плотно работали с коллегами из Эмбаунайгаза и SOCAR. Посетили ряд объектов, обсудили ряд вопросов, которые связаны с промышленной безопасностью и охраной труда. Вопросы БиОТ, как мы видим, не имеют границ. Проблемы, с которыми мы сталкиваемся на своих месторождениях, идентичны, и коллеги из ЭМГ продемонстрировали нам очень интересные наработки. К примеру, опыт разработки цифровых месторождений и мониторинга транспорта. А сегодня мы присутствовали на таком серьезном и грандиозном учении, которое, как мы узнали, проводится на регулярной основе. Хотелось бы отметить очень высокий уровень технической подготовки, слаженность действий персонала и других подразделений. Уверен, что такие встречи и вот такой подход помогут нам более серьезно оценить те риски, которые есть у нас на месторождениях, ну и совместно решать вопросы промышленной безопасности и охраны труда».

тивном музее члены делегаций узнали много интересного из истории нефтяной Эмбы.

Далее представители компаний-партнеров посетили производственные объекты Эмбаунайгаза, на которых ознакомились с проектами компании

в сфере цифровизации, новых технологий и производственной безопасности.

В частности, на месторождении им. С. Балгимбаева НГДУ «Жайыкмунайгаз» гостям были продемонстрированы проекты «Интеллектуальное месторожде-

ние», «Управление поездками» и «Электронный наряд-допуск».

На месторождении Восточный Магат НГДУ «Доссормунайгаз» состоялось комплексное учебно-тренировочное занятие по ликвидации техногенной аварии, возникшей вследствие газонефтеводопроявления (ГНВП). В ходе учения были отработаны совместные действия цеха подземного ремонта скважин НГДУ «Доссормунайгаз», аварийно-спасательной службы АФ ТОО «РЦШ ПВАСС «Ак Берен», противопожарного подразделения Западного филиала ТОО «Семсер-Өрт сөндүрүш» и медицинской бригады ТОО «Медикер-ПМ».

По окончании учения были отмечены слаженные действия и высокий уровень подготовки участников, что важно в случае возникновения ЧС на опасном производственном объекте.

Кроме того, члены делегаций обсудили актуальные вопросы охраны труда и производственной безопасности, обменялись опытом, наметили планы по дальнейшему развитию и укреплению сотрудничества в рамках Меморандума. **ET**



САЛТАНАТТЫ ШАРА



... Олар үшін дала төсінде, үйінен жырақта, кен алаңдарында таңды қарсы алу – үйреншікті жағдай. Қатты жел мен аптап ыстық оларды одан сайын шыңдай түседі. Қауіпсіздік пен тәртіп – олардың басты ұстанымы. Қорды молайту үшін тер төгіп, жер асты байлығының игілікке айналуы жолында жұмыстанып жүрген олар – мәртебелі мамандық иелері. Киімдерін күн сүйген, қара алтынның әр тамшысы үшін тер төккен сала қызметкерлерінің еңбегінің жемісін ел көруде. Олар – Мұнайшылар!

Ғасырлық белесті бағындырған «Ембімұнайгаз» АҚ жылдағы қалыптасқан дәстүрге сай, Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күнін жоғары деңгейде атап өтті. Әр басқармаға арнайы барған Компания басшылығы қызметтен қол үзбей, жыл он екі ай үздіксіз жұмыс тізбегінің тінін жалғап жүрген мамандық иелерін құттықтады. Кәсіби мерекеде сала үздіктеріне арнайы марапаттар табысталды. Өндіріс майталмандарына арналған салтанатты жиындар өнер мен ықыласқа толы, есте қаларлық мереке болды.

Мерекеленен,



• «Жайықмұнайгаз» МГӨБ

Мұнайшылар күніне арналған салтанатты шаралар ләгін «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы басталды. Еділ мен Жайық қос өзен аралығындағы Исатай ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етіп отырған басқарма ұйымдастырған мерекелік басқосу мұнайшылардың қажырлы еңбегіне деген құрметтің айқын көрінісіндей болды.

Компания басшылығы атынан сөз алған «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Әбенев алда тұрған міндеттерді атап өтіп, мерекемен құттықтады.

– Ғасырдан астам жер қойнауын игеріп келе жатқан «Ембімұнайгаз» АҚ алдында тұрған мақсат – қор ресурсын молайту. Осы мақсатта биыл бірнеше инвестициялық жобаларды қолға алдық. Солардың бірі – «Жайықмұнайгаз» басқармасында ілеспе газды кәдеге жарату жобасы. Іске қосылған жобаның мақсаты – ілеспе газды тиімді пайдалану арқылы электр энергиясын өндіру. Сол арқылы сырттан электр энергиясын сатып алуды айтарлықтай азайтамыз, қосымша мұнай өндіруге жол ашамыз.

Бүгінгі уақыт біздің алдымызға жана міндеттер қойып отыр. Өндірістік көрсеткішімізді жақсартып, мұнайды жоспарға сай орындау – басты мақсат. Әрине, барлық бастамалардың сәтті іске асуының кілті – еңбек адамы. Әрбір қызметкердің еңбегі құрметке лайықты» деген Қайрат

Жаншаулы жиналғандарға жылы лебізін арнады.

Салтанатты жиында Ембі өндірісінің дамуына қосқан зор үлесі және табысты еңбегі үшін бірқатар қызметкерлерге арнайы марапаттар табысталды.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалі, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның Естелік белгісі мен Алғыс хаты, сондай-ақ «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасы, Алғыс хаты, «Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ комитетінің, Басқарманың Алғыс хаттары өндіріс майталмандарына табыс етілді.

Айта кетерлігі, марапаттардың басым бөлігі жұмысшы мамандарға арналды. Бұл қарапайым еңбегімен өндірістің өркендеуіне үлес қосып жүрген жұмысшылардың мерейін көтеріп, олардың қажырлы еңбегін бағалаудың айқын көрінісі болды.

Салтанатты кеш соңы Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінің концертіне ұласып, өнер ұжымының орындауындағы шетелдік және отандық фильмдердің саундтректері жиналған көпшілікке ерекше мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Бұған қоса, мұнай-газ кешені қызметкерлері күні қарсаңында басқарма қызметкерлері арасында QUIZ интеллектуалдық ойыны және бильярдтан турнир ұйымдастырылды.

• «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ

Қарт Ембінің мерейін арттырып, даңқын асқақтатқан, байырғы мұнай кәсіпшіліктерінің бірі Қосшағыл кен орнына биыл – 90 жыл. «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ мұнайшылар күні аясында аталған кен алаңының мерекесін тойлап, салтанатты шара ұйымдастырды.

Жиында мұнайлы өлкенің тарихына қатысты арнайы түсірілген деректі фильм көрсетілді. Компания басшылығының құттықтауын жеткізген «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Әбенев сала ардагерлері мен басқармада, Қосшағыл мұнай-газ өндіру цехында әр жылдары басшылық еткен азаматтарды 90 жылдық мерекелік медальмен марапаттап, қазақы дәстүрге сай, иықтарына шапан жапты.

Бұдан соң, бір топ мұнайшыларға ҚР Энергетика министрлігінің Құрмет грамотасы, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Құрмет Грамотасы, Алғыс хаты, «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты және Қосшағыл кен орнының 90 жылдық мерекелік медалі табысталды.

Басқармаға қарасты Прорва кен алаңы – шалғайдағы өндірістік нысандардың бірі. Мұнайшылар күніне арналған мерекелік іс-шаралар аталған кен орнында да жалғасты.

«Каспий самалы» вахталық қалашығындағы салтанатты жиын барысында бір топ қызметкерге марапаттар табысталып, спорттық сайыстар ұйымдастырылды, іс-шаралар соңы концертке ұласты.





МҰНАЙШЫ!



• «Доссормұнайгаз» МГӨБ

Осыдан 65 жыл бұрын игеріле бастаған Қарсақ кен орнының мерейлі белесіне арналған, «Доссормұнайгаз» МГӨБ ұйымастыруымен өткен мерекелік шара кен алаңында ұйымдастырылды. Шараға «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы, мұнайшылар және сала ардагерлері қатысты.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының геология және игеру жөніндегі орынбасары Ернұр Тасеменов құттықтау сөз сөйлеп, тұз күмбезі астынан қара алтынның қайнарын ағытқан мұнайшыларға ізгі тілегін жолдады: «Қарсақ – тек өндіріс орны емес, бір дәуірдің шежіресі. Бұл – бірнеше буын мұнайшылардың маңдай тері мен адал еңбегінің жемісі. Осы ретте қара алтын мен көгілдір отынның өндірісін ұлғайтып, ұлт қазынасын молайтуда аянбай тер төгіп жүрген барша мұнай-газ саласының мамандарын айтулы мерекемен құттықтаймын».

Бір топ мұнайшыларға «Еңбек ардагері», «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгілері және өзге де марапаттар табысталды. Салтанатты жиын барысында киіз үйлер тігіліп, мұнайшылар мен көркемөнерпаздардың концерттік бағдарламасы ұсынылып, спорттық жарыстар ұйымдастырылды.



• «Ембімұнайэнерго» басқармасы

Компанияның өндірістік және әлеуметтік нысандарын электрмен үздіксіз қамту жұмыстарын сәтті жүзеге асырып келе жатқан «Ембімұнайэнерго» басқармасы сала ардагерлері мен қызметкерлердің басын қосып, мұнайшылар күнін атап өтті. Былтыр ширек ғасырлық белесті артқа тастаған басқарма – ЕМГ-ның маңызды құрылымдық бөлімшелерінің бірі.

Сала ардагерлері мен басқарма қызметкерлері қатысқан мерекелік басқосуда Компания басшылығы атынан құттықтау сөз алған Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова басқарма қызметкерлерінің мұнай өндірісіндегі орны зор екенін айрықша атап, ардагерлерге алғыс білдірді.

– Ембі кен алаңдарындағы үздіксіз жұмыстардың қайнар қуаты – осы, энергетика саласы. «Ембімұнайэнерго» басқармасы өндірістің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды роль атқарып келеді. Жылдар ішінде қол жеткізген жетістіктері – ең алдымен ұжымның кәсібилігі мен бірлескен жұмыстарының жемісі. Сала ардагерлерінің салған сара жолын білікті мамандар жалғап келеді. Ардагерлер еңбегін, есімін әрқашан зор құрметпен айтамыз. Бірлескен жұмыстарды нәтижелі жалғай беретінімізге сеніміміз мол, – деген Рысты Нұрғалиқызы сапалы еңбек нәтижесін көрсеткен бір топ қызметкерлерге «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасы және Алғыс хатын табыстады.



• «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасы

Мұнайшылар күніне арналған салтанатты жиындар «Ембімұнайгаз» АҚ құрылымдық бөлімшесі – «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасында жалғасты.

Ембі кен алаңдарын керек-жарақпен қамтамасыз етіп отырған басқарма қызметкерлерін Компания басшылығы атынан құттықтаған Бас директорының геология және игеру жөніндегі орынбасары Ернұр Тасеменов «Ембімұнайгаз» АҚ-да оң нәтижесін берген, енді қолға алынған жаңа жобаларының жүзеге асуы жолында ӨТҚЖЖК басқармасы қызметкерлерінің қосатын үлесі зор екенін атап өтті.

– Мұнай-газ өндіру секторы – бірнеше сала мамандарының бірлесе еңбек ететін саласы. ӨТҚЖЖК басқармасындағы әр қызметкердің Ембі кен алаңдарындағы жұмыстардың үздіксіз жүруіне, жаңадан қолға алынған жобалардың жүзеге асуына қосатын үлестері мол. Бәріміз бірлесіп, ортақ мақсатқа жұмыла білсек, жоспарларды орындай алатынымызға сенім мол, – деді Е.Тасеменов.

Салтанатты шара барысында бір топ сала мамандарына Компанияның Құрмет грамотасы, Алғыс хаты, басқарманың, басқарма Кәсіподақ комитетінің Алғыс хаттары тапсырылды.



• Орталық басқару аппараты

Ембілік мұнайшылардың кәсіби мереке аясындағы салтанатты жиындары Орталық басқару аппаратында қорытындыланды.

Компания басшылығы жоспарлы жұмыстардың өз деңгейінде жүзеге асуы жолында тер төгіп жүрген қызметкерлер еңбегін атап өтіп, алғыс білдіре келе, кәсіби мерекемен құттықтады.

Салтанатты жиын барысында ҚР Мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне орай бір топ сала мамандарына әр деңгейдегі марапаттар тапсырылды.

Шара соңы Д.Нүрпейсова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінің Soundtrack концертіне ұласты. **ET**

САЛТАНАТТЫ ШАРА

Қызылқоға ауданының төрі Миялы селосында өткенге тағзым, бүгінге мақтаныш, ертеңге сенім беретін игілікті шара өтті. «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының 30 жылдық мерейтойы қызылқоғалықтармен бірге тойланды. Игілікті шараға аудан жұртшылығымен бірге сала ардагерлері, майталман мұнайшылар мен «Ембімұнайгаз» АҚ-ның басшылық құрамы, ұжымы қатысты.



«ҚАРА АЛТЫН»

Миялы селосындағы «Арман» мәдениет үйінде жиналғандардың алдында «Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасының 30 жылдық белестегі тыныс-тіршілігі баяндалған деректі фильм көрсетілді.

Салтанатты шараға қатысушылар алдында сөз алған «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет кешегі Ембі өндірісінің майталмандары мен бүгінгі «қара алтын» өндірушілердің еңбектеріне зор ризашылықпен жылы лебізін арнады.

– 1995 жылы «Кенбай» кен орнын игеру мақсатында «Қайнармұнайгаз» басқармасы құрылды. Содан бері араға 30 жыл із салды. Осы кезең ішінде басқарма ұжымы өнім өндіру көрсеткішін тұрақты орындаумен қатар, Қызылқоға ауданының әлеуметтік саласының жақсаруына да үлесін қосуда. Оған дәлел – аудан аумағындағы құрылыс нысандарының бой көтеріп, күрделі жөндеулерден кейін аудан жұртшылығына есігін айқара ашуы. Біз әлеуметтік жауапкершілікті әрдайым назарда ұстаймыз. Бүгінгі уақыт біздің алдымызға үлкен жаңа міндеттер қойып отыр. «Қара алтынды» жоспарға сай орындау арқылы қаржылық жағдайымызды жақсартуға мүмкіндік аламыз. Сол арқылы жергілікті халық алдындағы

әлеуметтік міндеттемелерді орындауға, өндірістік жобаларды ойдағыдай жүзеге асыруға қол жеткіземіз. Осы бастамалардың сәтті іске асуының қайнар көзі – еңбек адамы екенін баса айтқым келеді. Бұл салада еңбек ететін әрбір қызметкердің еңбегі үлкен құрметке лайықты, – деген Компания басшысы Ембі өндірісіндегі жасампаз еңбекке зор құрметін білдірді.

Салтанатты шараның еңбек адамына деген құрметі де осында, өндірістік көрсеткіштердің тұрақты орындалуына зор үлестерін қосып жүрген озат мамандар ҚР Энергетика министрлігінің «Еңбек ардагері», «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медальдарымен, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның естелік белгісімен, Атырау облысы әкімінің Алғыс хатымен, Қызылқоға ауданы әкімінің және аудандық мәслихаттың Алғыс хаттарымен, «Ембімұнайгаз» АҚ және «Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасының Құрмет грамотасымен және Алғыс хаттарымен марапатталды.

«Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасының 30 жылдық мерейтойына арнайы Астанадан Махамбет Батырбаев келіп, қайнарлықтардың қуанышына ортақтасты. Сонау 1995 жылы осы басқарманың ашылуына бірден-бір себеп болған Махамбет Демешұлы екені баршаға

мәлім. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері М.Батырбаев сол кездерде «Ембімұнайгаздың» басшысы ретінде министрлікке барып, игеріліп жатқан Орысқазған (қазіргі Б.Жоламанов) кен алаңының орнына басқарма ашып, Қызылқоға ауданының жұртшылығына қолдау білдіру мәселесін көтереді. Бұл кездерде ауыл шаруашылығына маманданған тұтас ауыл үшін қиын сәттердің бірі болатын. Ел бойынша тұтас ауыл шаруашылығының тұралай бастаған кезеңдерде ауданда жаңа басқарма құру – тығырықтан шығар жолдың бірі еді. Мұны басшылық алдында дәлелдей білген М.Батырбаев «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ашылып, ауданда жаңа кәсіптің қалыптасуына себеп болғанын жұртшылық ризашылықпен күні бүгінге дейін айтып жүр.

«Ел тәуелсіздігін алған алғашқы жылдарда, қиын сәттерде «Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасының құрылуы қазақстандық мұнай өндірісінің бір бөлшегі болуымен қатар, аудан халқы үшін үлкен демеу болды. Кешегі күндерде қарапайымнан басталған бастаманың бүгінде жоғары стандарттарға сай жұмыс істейтін үлкен өндірістік құрылымға айналғанын көріп, қуанып отырмын. Басқарманың



мұнай өндірісін тұрақты орындаумен қатар, ауданның әлеуметтік-экономикалық салаларындағы зор қолтаңбасын естіп төбем көкке жеткендей сезімдемін, – деген Махамбет Демешұлы көпшілікке ақжарма тілегін арнады.

Ембіліктер майталман мұнайшыға құрмет көрсетіп, иығына шапан жауып, кеудесіне «Қайнармұнайгаздың» 30 жылдығы төсбелгісін тақты.

Басқарманың 30 жылдық мерейтойының аясында қазақша күрестен аудандық жарыс өтіп, оған 21 палуан қатысты. Жеңімпаздар ақшалай сертификатпен марапатталды.

Басқарманың 30 жылдық тойына арнайы шақырылған эстрада жұлдыздарының қатысуымен өткен Гала концерт мерекенің сәнін асыра түсті.

Басқарманың 30 жылдық мерейлі мерекесінің аясында ауыл округтері арасында **волейболдан спорттық жарыс** ұйымдастырылды.



ӨНДІРУ ЖОЛЫНДАҒЫ – 30 ЖЫЛ



Топтық ойындар екі жерде, яғни Миялы және Жасқайрат ауылдық округтеріндегі спорт кешенінде өткізілді. Ал ақтық сын (плей-офф, 3-ші орынға және финал) ойындары аудан орталығындағы спорт кешенінде өтті.

Жарыс қорытындысымен:

- 1-орын – Миялы ауылдық округі,
 - 2-орын – Тасшағыл ауылдық округі,
 - 3-орын – Мұқыр ауылдық округі,
 - 4-орын – Қоныстану ауылдық округі
- жұлделі орындарды өзара бөліске салып, ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Осы сайыста Үздік қорғаушы, Үздік байланыстырушы, Үздік

шабуылшылар және турнирдің ең үздік ойыншысы анықталды.

Аталмыш шараның бағдарламасында нәтижесін тапқан тағы бірігі шара – **«Керуен көші» атты мерекелік концертті** қайнарлықтар зор ықыласпен қарсы алды. «Керуен көшінде» басқарманың ірі кен алаңдары: Кенбай, Б.Жоламанов, УАЗ кен орнында басқарманың өнерлі қызметкерлері ән айтып, би билеп, әріптестеріне ерекше қуаныш сыйлады.

Шара барысында салтанатты марапаттау рәсімі де өтіп, табысты еңбектерімен қатар ұжымшілік қоғамдық шараларға белсенді қатысқан мамандар арнайы марапаттармен ұлығыланды. **ET**



ҚОСШАҒЫЛ-90

Биыл – қазақ мұнайының тарихында елеулі үлесі бар Кең Жылыой төріндегі Қосшағыл кен орнының 90 жылдық мерейтойы. Бұл тарих үшін аз уақыт болғанымен, мұнай өндірісі үшін аз мерзім емес. Мұнайлы Жем атанған өлкеміздің тарихы өте ертеден басталады.

Өлкенің бірінші мұнайшысы болған Бешім Қызылбасов атамыз алғашқы мұнай көзін тауып барлаушыларға хабарлады. Осы оқиғадан соң барлаушылар назары осы бір қос шағылды алаңға ауды. 1925-1928 жылдары Н.Тиханович бастаған геологтар тобы Сағыз-Жем алабын зерттеді. Нәтижесінде Сисенғали Рақышев пен Тілес Дәулетов бастаған бұрғышылар бригадасы қазған 6-шы ұңғыдан 490 метр тереңдіктен тәулігіне 250 тн мұнай бұрқағы атты.

Зерттеу жұмыстарының жақсы нәтижелерінің арқасында 1935 жылы 23 қыркүйекте Қосшағыл мұнайлы кен орны пайдалануға берілді. Кен алаңының пайдалануға берілуі мұнайшы қауымның өлшеусіз еңбегінің биік мәртебесі еді.

Кен орнында тиімділігі 8-10 м 25-ке жуық мұнайлы қабаттар анықталды. Оның құрылымы тұзды күмбезді бор, юра, триас қабаттарымен тікелей байланысты және басқа кен орындардан айрықша ерекшелігі – оның мұнайлы қабаттары жер бетіне жақын, тұтқырлығы мен қоюлығы жоғары.


Бірінші бесжылдықта 19 пайдалану ұңғылары қазылып, 4 ұңғы тәулігіне 300 тн мұнай берді. Ал, 1936 жылы ұңғылар саны 61-ге жетіп, жылына 235 мың тн мұнай өндірілді.

Жалпы соғыс жылдарында қазыналы мекен ерлері 838 мың тн қара алтын тапсырды, бұл нәтиже республика мұнайының 19 пайызын құрады.

Жаңа кен орнының қанат жаюына қажетті мүмкіндіктер де жасала бастады. Кәсіпшілік шаруашылығын электрлендіру ісі басталып, ауыз су мәселесі Гурьев-Қосшағыл су құбыры арқылы шешілді.

1935 жылы пайдалануға берілген 726 шақырымдық Гурьев-Орск магистралды мұнай құбыры Қосшағыл мұнайын Орск зауытында өндеуге мүмкіндік берді.

Құшыныспен тер төккен мұнайшылар өндірісте көптеген жаңашылдық істерді де жүзеге асырды. Лениндік сыйлықтың иегері геологтар Ж.Досмұхамбетов, В.Иванов пен инженер А.Гаврилович юра



Қайнар ҚОДАНОВ,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бастығы:

«ҚҰТ МЕКЕН – ҚОСШАҒЫЛ»



қабатының 2-белдеуіне су айдау жолымен мұнай өндіруді арттыру мүмкіндігін ұсынып, 1943 жылы Қосшағылда 16 ұңғы су айдау қорына көшірілді. Яғни, жақсы нәтиже берген соң бұл әдіс неоком қабатына да қолданылып, 90000 тн қосымша мұнай өндірілді.

Қазақстан мұнай комбинатының бас геологы Валентин Авровтың жер астындағы екі және одан да көп мұнай қабаттарын қатар пайдалану тәжірибесіне кәсіпшіліктегі

алпыс ұңғы көшіріліп, әр ұңғыдан өндірілген мұнай көлемін екі тоннаға арттыруға қол жеткізілді. Осылайша, жұдырықтай жұмылып, жаңашылдықтарды игеріп, соған сай ауқымды жұмыстар атқарған Қосшағыл мұнайшылары нағыз еңбек ерлігін танытты.

Әр уақытта ұжымның негізі – оның еңбекқор адамдары. Соған сай, осы кеніште еңбек еткен әр адамның кешегі мұнай цехының өркендеп өсуіне қосқан

үлесі зор.

Осы орайда кен орынын игеру жолында қызмет еткен мұнайшылардың есімдерін зор мақтанышпен атап өтеміз. Олардың қатарында О.Бердіғожин, Қ.Қалабаев, Х.Мұқанов, Р.Агаджанов, Ж.Қалиев, Б.Қарамүрзиев, И.Қаچارова, А.Каплан сынды майталман мұнайшылар мен басшы азаматтар болды. Қосшағыл кәсіпшілігін әр кездегі басшылары – А.Ілиясов, С.Жүсіпов, 20 жылдан астам

уақыт бойы басшылық еткен Шамбай Оразәлиев, Демеу Жаналиев, Елеусін Бисенов, бас геологтары Н.Имашев, Ғ.Хакімов, М.Балғымбаев, бас инженерлері А.Самсонов, А.Захаренко және атақты мұнайшылар К.Бейтов, Д.Боқаев, Ғ.Бисенғалиевтер елеулі еңбек сіңірді.

Жалпы, Қосшағыл – Кең Жылыойдың мұнайлы, үлкен қазыналы аймаққа айналу жолының бастауында тұрған кен орны. 1938-1953 жылдары Жылыой ауданының әкімшілік орталығы болумен қатар, осы өңірдегі Құлсары, Қаратон, Теренөзек, Прорва, Теңіз кеніштері Қосшағыл кен орнына қарап, бой түзеді. Міне, сондықтан Қосшағылды құтты мекен ретінде құрмет тұтамыз.

Кен орны игеруге берілген кезден бастап 474 ұңғыма қазылып, күні бүгінге дейін 5 млн 279 мың тонна мұнай өндірілді. Осындай жетістіктерге Қосшағыл кәсіпшілігінің ардагерлері мен бүгінгі еңбек етіп жатқан әріптестеріміздің қажырлы еңбектерінің арқасында қол жеткізіп отырмыз.

Қазіргі таңда кен орындарында мұнай қорының азаюы үлкен мәселе болып тұр. Осы бағытта «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбеттің бастамасымен Компанияға қарасты кен орындарының мұнай қорын толықтыру және ұлғайту мақсатында жасалған жоба аясында Қосшағыл кен орнында да жоспарлы іс-шаралар жүргізіледі. 90 жылды артқа тастаған кен орнының жас ұрпаққа берер тағылымы өте мол. Әлі де Кең Жылыойдың жарық жұлдызы болып жылуын төге беретініне күмән жоқ. Мұнайшы мәртебесі биік, мақтанышқа лайық кәсіп болып жалғаса берсін. Мереке құтты болсын!

РЕДАКЦИЯДАН:

Еліміздің мұнай-газ секторы қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен тұспа-тұс келген Қосшағыл кен орнының 90 жылдығына орай ардагерлерге құрмет көрсетілді.

Аталмыш кен алаңында ұзақ жылдар еңбек етіп, табысты еңбектерімен ел қазынасын еселеген ардагерлер еңбегінің нәтижесі әлі күнге дейін жалғасып, елігілігіне жарап келе жатқаны айтылды. Ән мен күй төгілген шараға ауыл тұрғындары да қатысты. Қосшағыл селосының орталығында киіз үй құрылып, ел білік ардагерлерге арналы мерекелік дастархан жайылды. **ET**

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!



Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ



Instagram - @embamunaigas.kz



TikTok - @embamunaigas



Facebook - Ембілік Мұнайшы



You tube - «Ембімұнайгаз» АҚ



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 күрәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmg.kz

Г.Амирова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
G.Amirova@emg.kmg.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС
Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенов – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Идрисов – Басқарма төрағасы қызметінің жетекшісі;

Ә.Каримов – Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Г.Қулетова – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.